



## Экологиялық құқық /Environmental Law/ Экологическое право

ХҒТАР 10.53.01

<https://doi.org/10.32523/2616-6844-2026-155-2-79-93>

Ғылыми мақала

### Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы бойынша ремедиация институты

Н.М. Марат<sup>1</sup> , А.Б. Сопыханова\*<sup>2</sup> , А.А. Бектурганова<sup>3</sup> 

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

<sup>2</sup>Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан

<sup>3</sup>Әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты, Астана, Қазақстан

(e-mail: <sup>1</sup>nuralikamarat1980@yandex.ru, <sup>2</sup>sopyhanova09@mail.ru, <sup>3</sup>sabitbekamirzhan001@gmail.com)

**Аңдатпа.** Мақалада Қазақстан Республикасында «Жасыл экономика» тұжырымдық бағдарламасын дамыту мен экологияны құқықтық реттеу тетіктерін орнықтыру жағдайында Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген ремедиация институтына кешенді ғылыми-құқықтық талдау жасалады.

Ремедиация институтының заңнамалық-теориялық жағынан дамымауы, нормативтік құқықтық базадағы жүйеліліктің болмауы және құқық қолдану практикасында біркелкіліктің орын алмауы мақала тақырыбының өзектілігіне арқау болады. Жоғарыда аталған жайттардың еліміздің индустриалдық-инновациялық дамуы мен жер қойнауын пайдалануды қарқынды жүзеге асыру кезеңінде зор маңызы бар.

Ғылыми жұмыстың негізгі мақсаттары мыналар:

- ремедиацияның құқықтық ұғымын айқындау;
- оның мазмұнының өзіне тән ерекшеліктерін саралау;
- тұрақты даму принциптерін негізге алып, оларды жетілдіру жолдарының негізгі бағыттарын анықтау.

Ғылыми зерттеу жүргізу кезінде төмендегідей ғылыми әдістер қолданылды:

- формальды-құқықтық;
- жүйелік-құрылымдық;
- салыстырмалы-құқықтық;
- логикалық-доктриналық әдістер.

Зерттеу нәтижесінде Қазақстандағы ремедиацияны құқықтық реттеудің қазіргі моделі экологиялық зиянды ақшалай өтеуге негізделген компенсациялық тәсілден нақты экологиялық нәтижеге қол жеткізуге бағытталған қалпына келтіруші модельге қарай эволюцияланғаны анық-

Түсті: 01.05.2026 Мақұлданды: 19.05.2026 Онлайн қолжетімді: 30.06.2026

талды. Экологиялық кодекс ремедиацияны қоршаған орта компоненттерін базалық жағдайға дейін қалпына келтіруге бағытталған, бақылау, мониторинг және жариялылық элементтері бар міндетті іс-шаралар кешені ретінде бекітеді.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы экологиялық реттеудің шегінен шығатын ремедиация институтын дербес салаларалық құқықтық институт ретінде негіздеу болып табылады. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы ремедиация институтын экологиялық құқықтың шеңберінде орнықтырады. Экологиялық, жер және жер қойнауын пайдалану заңнамаларын үйлестіру мәселелері, терминологиядағы айырмашылықтар және ремедиациялық қатынастарға қатысушылардың құқықтық мәртебесінің жеткілікті айқындалмауы анықталды. Ремедиацияны дербес салааралық құқықтық институт ретінде қалыптастыру қажеттілігі негізделді.

Заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар тұжырымдалды, оның ішінде ұғымдық аппаратты біріздендіру, ремедиацияны іске асырудың рәсімдік тетіктерін дамыту және осы саладағы ғылыми доктринаны нығайту қарастырылды. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және тұрақты дамуға бағытталған қалпына келтіруші экологиялық реттеудің тұтас моделіне көшу қажеттілігі туралы қорытынды жасалды.

**Түйін сөздер:** Экологиялық зиян, экологиялық залал, антропогендік әсер ету, базалық жағдай, ремедиация бағдарламасы

---

## Кіріспе

«Жасыл экономика» идеясын іске асыру және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын жаңғырту жағдайында қоршаған ортаны қалпына келтіру механизмдерін қалыптастыру ерекше маңызға ие болып отыр. Осы тұрғыдан ремедиация институты экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің және антропогендік әсерден туындаған кері салдарды жоюдың негізгі құралдарының бірі ретінде қарастырылады. Қазіргі таңда елімізде табиғи ортаны қалпына келтіру мәселелері «Жасыл экономика» қағидаттарын жүзеге асырумен және экологиялық құқықтық жүйені жетілдірумен тығыз байланысты маңызды бағыттардың біріне айналды. Бұл ретте ремедиация институты – адам әрекетінің нәтижесінде келтірілген зиянды жоюға, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және табиғи ортаны мүмкіндігінше бастапқы күйіне келтіруге бағытталған құқықтық тетіктердің маңыздысы болып табылады. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, экологиялық зиянды өтеудің дәстүрлі әдістері қазіргі талаптарға толық жауап бере алмайды. Аталған мәселелерге қатысты ремедиация институтын жетілдіру және дамыту қажеттілігі туындап отыр. Ремедиация институтының өзектілігінің себебі мынада: ең алдымен экологиялық зиянды өтеудің қалыптасқан әдістері жеткілікті деңгейде тиімділік танытып отырған жоқ, келесіден, экологиялық заңнамада бекітілгенімен, ол теориялық жағынан зерттелмеген және аталған институттың құқықтық реттелуі мен құқықтық қолданылуы арасында алшақтық байқалды.

Тағы бір мәселе, Қазақстандағы өнеркәсіп орындары және отандық тау-кен саласының үдемелі дамуы экологияға айтарлықтай зиян келтіреді, оның табиғи түрде бастапқы қалпына келу процесін төмендетеді.

---

Ремедиация институты алғаш рет 2007 жылы қабылданған экологиялық кодексте көрініс тапты. 2021 жылы қабылданған жаңа экологиялық кодексте ремедиация институты қоршаған ортаны қалпына келтірудің жаңа құқықтық тетігі ретінде орнықтырылды.

Ремедиация тек жеке табиғи объектілерді ғана емес тұтастай экологиялық жүйелерді қалпына келтіруге арналған кешенді шараларды қамтитын құрылым. Ремедиация институты азаматтық, әкімшілік құқық салаларымен байланысты болғандықтан, кешенді мазмұнға ие болады. Осындай көпсалалы байланыстың болуы ремедиацияны тиімді етеді. Онымен қоса терминологияда бірізділік болуын, құқықтық рәсімдердің анықтығымен, тетіктер арасында үйлесімділік болуын қажет етеді.

### **Зерттеу әдістемесі**

Ғылыми мақаланы дайындау кезінде отандық және шетелдік ғалымдардың жарияланған ғылыми еңбектері, Қазақстан Республикасының экология саласындағы нормативтік-құқықтық актілері назарға алынды.

Ремедиация институтына салыстырмалы-құқықтық талдау әдісі негізінде зерттеу жүргізілді. Бұрынғы және қазіргі экологиялық заңнамадағы ремедиация институтына кешенді зерттеу жасалды.

Ғылыми танымның талдау, салыстыру сияқты зерттеу әдістері ұтымды қолданылды.

### **Нәтижелер мен талқылаулар**

Қазақстан Республикасының біз өмір сүріп отырған кезеңдегі қоршаған ортаның жағдайы едәуір қолайсыз факторлармен байланыстырылады. Оларға мыналарды жатқызамыз:

- экономикалық өсудің табиғатты ескермей өсуінің қарқыны;
- антропогендік ықпалдың ұлғаюы;
- нұқсан келтірілген экожүйелердің қалпына келтірілу процесінің баяулығы.

Ұлттық статистика агенттігінің мәліметтеріне сай жалпы көлемі 2271,4 тонна болатын ластағыш заттардың атмосфералық ауаға таралғаны анықталды. Осы көрсеткіштің сексен пайызы экожүйеге және азаматтардың денсаулығына орасан зор зиян келтіретін физикалық күйі газ немесе сұйық объектілер болып табылады. Профильдік кәсіпорындар ластаушы заттардың 93,4 пайызын ұдайы жойып отырды.

Мұның өзі қоршаған ортаны қорғауға бағытталған шаралардың жүзеге асырылатынын және мәселенің ауқымдылығын көрсетеді[1].

Мониторинг талдауы көрсеткендей, ірі қалаларда, атап айтқанда, Астана, Алматы, Қарағанды т.с.с. атмосфералық ауаның ластануы басты мәселеге айналуда. Аталған қалаларда ауаның ластануының жоғары индексі және одан туындайтын тұрғындардың денсаулығы мен қоршаған ортаның экологиялық тәуекелдерімен сипатталады[2]. Зерттеулер көрсеткендей, Қазақстанда қатты бөлшектердің орташа шоғырлануы айтарлықтай жоғары: мемлекет РМ25 деңгейі бойынша ластанған 32 елдің қатарына кіреді. Ауаның ластануына байланысты жүрек-қан-тамыр аурулары мен тыныс алу жүйесінің ауруларынан бірнеше мыңдаған адамдардың өлімі тіркеледі[3].

Жер ресурстары да дағдарысқа ұшыраған: халықаралық сарапшылардың есебі бойынша топырақтың пестицидтермен ауыр металдармен ластануын, эрозияны, су теңдігінің бұзылуын қоса алғанда Қазақстанның 90 млн. га жері дағдарысқа ұшырау алдында тұр. Жоғарыда көрсетілгендер экологиялық жүктемені ушықтырып, кешенді қалпына келтіру шараларын жүргізуді талап етеді[4]. Экологиялық кодекстің нормаларында ремедиация қоршаған ортаның компоненттерін экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және аймақтарды пайдалануға жол берілетін жағдайда қалпына келтіруге бағытталған шаралар кешені ретінде сипатталады[5]. Осының өзінде Заң шығарушы «ластаушы төлейді» қағидасына сүйеніп, іс әрекеті экологиялық залалға алып келген субъектілерге ремедиациялық шаралардың қаржылық және ұйымдастырушылық ауыртпалықтарын жүктейді.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі ремедиацияны экологиялық залалдан туындайтын нұқсат келген табиғи орта компонентін қалпына келтірумен байланысты маңызды құқықтық санат ретінде енгізеді. Осылайша, заң шығарушылық логика «базалық жағдай» ұғымы шеңберінде құрылған: егер ақылға қонымды уақыт шеңберінде ремедиациялық шараларды қолданбай, базалық жағдайға қалпына келтіру мүмкін болмаса экологиялық залал деп танылады.

Ремедиация табиғи ортаны мейлінше қалпына келтіруге бағытталады. Ол қалпына келтіру шаралары экологиялық кодекстің тиісті арнаулы нормаларында бекітілген. Ремедиация ұғымының жер заңнамасында көзделген дәстүрлі рекультивация ұғымына қарағанда мағынасы кең әрі күрделі. Оның негізгі ерекшелігі, экологиялық зиянды өтеу және табиғи ортаны қалпына келтіруді көздейтін ремедиация бағдарламасының болуында.

Ремедиация бағдарламасы келтірілген экологиялық залалды жоюға бағытталған құжат ретінде анықталады. Ол үшін мазмұны бойынша талаптар және жүзеге асыру тәртібі белгіленеді. Бағдарламаны орындау тетігі нақтыланған: егер жүзеге асыру мерзімі үш айдан астам болса, жауапты тұлға уәкілетті органға әрбір үш ай сайын есеп жіберуге міндетті. Сонымен қатар ақпаратты жария орналастыруды қамтамасыз етеді. Уәкілетті орган өз кезегінде жүргізіліп отырған ремедиациялық шаралар туралы жыл сайын ақпаратты жариялайды. Бағдарлама аяқталған соң ремедиациялық бағдарламаның аяқталғаны туралы акт толтырылады. Бағдарламадағы мақсаттарға қол жеткізілмесе, қосымша мерзім белгіленіп, қосымша ремедиациялық шаралар анықталады. Қалпына келтірілген табиғи орта компоненттері және есептілік тәртібі мен нәтижелерді жариялау міндеттемесі мен ремедиациядан кейінгі мониторинг бекітіледі. Нормативтік деңгейде бұл зиянды жоюдың декларативті талабынан бақылау есептілік, мониторинг, нәтижелер жариялануы арқылы қамтамасыз етілетін процессуалдық рәсімделетін қалпына келтіру моделіне өтуді білдіреді.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі құрылымында тарихи ластанулар туралы нормалардың жекелеген маңызы бар (жинақталған экологиялық залалдың бір түрі ретінде). Тарихи ластануды нормативтік бөліп көрсету ремедиацияны ағымдағы зиянға әсер ретінде ғана емес, «мұраға қалған» экологиялық тәуекелдерді де басқару құралы ретінде сипаттайды. 2007 жылғы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі бойынша экологиялық залалды өтеу тәжірибесіне байланысты төмендегілерді атап өтуге болады: экологиялық заңнаманы бұзу жолымен қоршаған ортаға зиян келтірілген залалды өтеу тәртібі мен міндеттілігіне арналған нормалар жеке блок

болып бекітілді [6]. Сол арқылы экологиялық құқықты қалпына келтіру өтемақы жүйесі заңдастырылды. Аталған институттың нормативтік құрылымы, қоршаған ортаға келтірілген зиян тек заңды жауаптылықтың негізі болып қана қоймай, мемлекеттік белгілейтін ықпал ету шараларынан басқа зиян келтірушіге бағытталғалған дербес қалпына келтіру міндеттемесінен туындайды.

2007 жылғы Экологиялық кодекстің тағы бір ерекшелігі, залалды өтеу міндеттілігі және зиян келтірушінің мінез-құлқының қалпына келтіру заттық нұсқасы болатын: қоршаған ортаға зиян келтірген тұлға келтірген залалды ерікті түрде немесе басқа тәсілдермен өтеуі тиіс. 2007 жылғы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің тағы бір ерекшелігі, экологиялық залалды өтеу 2007 жылғы 27 маусымда Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен №535 қаулысы қоршаған ортаны ластаудан туындайтын залалды экономикалық бағалаудың заңға сәйкес әдістемесіне сүйенеді [7]. Осылайша, 2007 жылғы Экологиялық кодекс экологиялық залалды өтеу міндеттілігі мен бірыңғай экономикалық бағалау әдістемесін негізге алған қалпына келтіру жауапкершілігі құрылымын қалыптастырды. Сонымен бірге жоғарыда аталған моделді жүзеге асыру, өтемдік нысанның бұзылған экологиялық функцияларды нақты қалпына келтіруге қарағанда басымдықты өтемақылық элементтің күшеюіне объективті түрде ықпал етті. Нәтижесінде реттеудің қалпына келтіру әлеуеті залалдың ақшалай эквиваленті негізінде жүзеге асырылды, ол экологиялық салдарды жоюдың есептік-экономикалық тетігінің басымдылыққа ие болуына әкелді. Тұтастай алғанда, 2007 жылғы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі қалпына келтіру жауапкершілігінің базалық іргетасын қалыптастырды. [8].

Кесте 1. Салыстырмалы талдау: 2007 ж. Экологиялық кодекс (зиянды өтеу) және 2021 ж. Экологиялық кодекс (ремедиация) [5], [6].

| Критерий              | ҚР ЭК 2007ж. – зиянды өтеу  | ҚР ЭК 2021 ж. – ремедиация  |
|-----------------------|---|---|
| Реттеу мақсаты        | Келтірілген экологиялық залалды өтеу  | Қоршаған орта компонентін базалық жағдайға дейін қалпына келтіру  |
| Заңи табиғаты         | Нұқсан келу салдарынан туындайтын қалпына келтіру өтемдік міндеттер         | Экологиялық залалды жоюдың дербес қалпына келтіру тетігі  |
| Басымдықты нысан      | Құндық өтемақы (есептік әдістеме бойынша), ерікті түрде жоюға жол беріледі. | Ремедиация бағдарламасы бойынша қалпына келтіру; ақшалай өтем қалпына келтірушінің міндеттерін ауыстырмайды           |
| Залалды анықтау әдісі | Үкіметтің бекіткен тәртібі бойынша экономикалық бағалау                     | Экономикалық залалды бағалау; ремедиация бағдарламасын дайындау және жүзеге асыру                                     |
| Процедуралық тәртіп   | Шектеулі (кепілдік хат, залал сомасын есептеу)                              | Процедуралық нақтылаудың жоғары деңгейі; ремедиация бағдарламасы, мәртебе есептері, аяқтау актісі, қосымша ремедиация |

|                     |   |   |
|---------------------|---|---|
| Мемлекеттік бақылау | Есептің және өндіретін соманың дұрыстығын бақылау | Бағдарламаның жүзеге асырылуын бақылау, мониторинг, постремедиациялық бақылау |
| Жариялылық          | Фискалды-бақылаушылық сипат                       | Ремедиацияның барысы туралы ақпаратты міндетті түрде ашу                      |
| Функционалды екпін  | Зиянның өтемақылық эквиваленті                    | Қалпына келтіру (ортаны экологиялық оңалту)                                   |

Ескерту: деректер ҚР Экологиялық кодекс (2007ж.), ҚР Экологиялық кодекс (2021ж.) негізінде құрастырылған [5], [6].

Салыстыру құқықтық моделдің экономикалық бағалау мен құндық өтем басты элемент болатын өтемдік тетіктен (2007ж. ҚР ЭК), институционалдык рәсімделген қалпына келтіру тетігіне өту эволюциясын көрсетіп отыр (2021ж. ҚР ЭК). Соңғысында процедуралық реттеу, экологиялық нәтиже мен постремедиациялық мониторинг басты маңызға ие болады.

Егер 2007 жылғы Экологиялық кодекс экологиялық зиян үшін мүліктік жауапкершілікті қалыптастырса, ремедиацияның қазіргі үлгісі заңдық елеулі нәтиже ретіндегі экологиялық тиімділікке қол жеткізуге бағытталған. Осылай салдар үшін өтем төлеуден оларды нақты жоюға ауысу орын алып отыр.

Экологиялық залалдың ақшалай эквивалентін анықтау арқылы экологиялық зиянды өтеудің есептік-өтемдік үлгісін қалыптастырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 535 Қаулысынан ерекшелігі (2007 ж.), 2022 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар Министрінің Бұйрығы экологиялық залалды өтеудің өзгеше жолын реттейді [9].

Егер 2007 жылғы заңға тәуелді реттеу залалдың өтелуінің негізі ретінде экономикалық бағалау тәртібін орнатуға бағытталса, 2022 жылғы Әдістемелік ұсынымдар қалпына келтіру шараларын жобалау мен жүзеге асыруға негізделген. Реттеудің орталық элементі болып зиянның есеп сомасы емес, құрылымданған ремедиация жоспары табылады. Оған:

- экологиялық залалдың сипаты мен ауқымының сипаттамасы;
- қалпына келтірудің мақсатты көрсеткіштерін анықтау;
- технологиялық шешімдерді таңдау;
- жүзеге асырудың кезеңдері мен мерзімдерін негіздеу;
- экологиялық мониторинг бойынша іс-шаралар;
- қоршаған орта компоненттерінің базалық жағдайына жету талабы.

Осылайша, 2022 жылғы нормативтік құрылымда зиян көлемін анықтау фактісі заңдық маңызды болып табылмайды, қалпына келтіру үдерісін жоспарлау сапасы мен экологиялық өлшенетін нәтижеге жету маңызды болып табылады.

2022 жылғы әдістемелік ұсынымдар басқа тұжырымдамадан шығарады: зиян бірінші кезекте табиғи объектінің экологиялық функцияларын бұзу ретінде қарастырылады, ол мақсатты және жүйелі қалпына келтіруді талап етеді. Ақшалай баламасы өз бетінше мәнге ие болмайды және қолайлы қоршаған ортаны қалпына келтіру нәтижесін алмастыра алмайды. Қазақстанның заң ғылымында ремедиация институты әзірге кешенді монографиялық зерттеулердің пәніне айналған жоқ. Өкінішке орай, ғалымдардың

назары тек қоршаған ортаны қорғау мен экологиялық жауапкершілік мәселеріне ғана назар аударады, ал ремедиация институты аталған институттардың қосымша элементі ретінде қарастырылады. Жекелеген зерттеулерде ремедиацияның табиғи объектілерді шаруашылық мақсатта пайдалану емес, олардың экологиялық қызметін қалпына келтіруге бағытталғанын алға тартып, ремедиация мен рекультивацияны бөліп көрсету қажеттілігін атап көрсетеді. Шетелдік құқықтық доктринада ремедиация кеңірек түсіндіріледі – қалпына келтіру, өтем және алдын алу элементтерін біріктіретін құқықтық механизм ретінде[10].

Ұлттық доктринада қалыптасқан ортақ ғылыми ұстанымдардың болмауы ремедиацияның дербес құқықтық институт ретінде қаралмауына әкелді. Ол өз кезегінде заң шығарудың және құқық қолданудың сапасына әсер етеді. Жер заңнамасы, жер қойнауы мен жер қойнауын пайдалану туралы заңнамаға жүргізілген талдау тиісті нормалар тек фрагменттік сипатта және әрдайым Экологиялық кодекстің ережелерімен сәйкес келмейтінін көрсетіп отыр. Атап айтқанда, ремедиацияның ортақ заңи ұғымы болмай тұр, ал қолданылып жүрген «рекультивация», «жерлерді қалпына келтіру» және «зиянды жою» санаттары шектеусіз нақты бөлінбей қолданғандықтан, құқықтық нақтылығын азайтып отыр, яғни бұл құқықтық айқындығының төмендеуіне әкеледі. Жер заңнамасы жерлерді қорғау міндеттемесін бекітеді, нұқсан келтірілген жерлердің рекультивациясын, жердің құнарлылығын басқа да пайдалы қасиеттерін қалпына келтіруді қоса алғанда, ремедиациямен шектескенімен, бірақ пәні мен мақсаты бойынша онымен сәйкес келмейді [11].

Заңға бағынышты актілер деңгейінде рекультивация процедурасы ведомствалық актілермен қарастырылған. Нұқсан келтірілген жерлердің жобасын дайындау туралы Нұсқаулық бұйрықпен бекітілген. Бұйрық рекультивациялық жобалауды жер кодексінің нормаларымен байланыстырып жобаға талаптар белгілейді. Әр салаларға арнайы рекультивация қағидалары белгіленген. Мысалы: еліміздегі орман қоры жерлеріндегі бұзылған жер учаскілерін өндіру кезінде жер санатына қарай және қызмет түріне байланысты салық ерекшелігін растайды. Жерді пайдалану және қалпына келтіру операцияларын жою институттарына енгізілген[12]. Бұдан бөлек, кейбір салаларда рекультивацияға қатысты арнайы қағидалар бекітілген. Мысалы, мемлекеттік орман қоры жерлерінде (соның ішінде уран өндіру барысында) бүлінген учаскелерді қалпына келтіру ережелері белгіленген. Өндіріс саласына және атқарылатын қызмет түріне байланысты табиғи ортаны қалпына келтірудің өзіне тән ерекшелігі бар екенін айқындайды[13].

Қазақстан Республикасының жер қойнауын және жер қойнауын пайдалану туралы Кодексіне сәйкес рекультивациялау арқылы жерді барлау жұмыстарының салдары жойылады. Жою шараларын жоспарларының талаптары аталған заңнама негізінде бекітіледі[14]. Жоспар жасау міндеттеліп, жоспарда ремедиациялық шараларды жүргізу жоспардың кезек күттірмес бөлігіне енгізіледі. Тиісті әсер бағаланып, шығындар есептеледі және қажет болған жағдайда жоспарға түзетулер енгізіледі. Заң шығарушы орган ремедиациялық шараларды тиісті тұлға орындаудың тетіктерін де қарастырған. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінде ремедиация шараларын орындамаған немесе өз деңгейінде орындамаған тұлғаларға жауапкершілік көзделген[15]. Ремедиациялық шараларды орындамау тек әкімшілік жауапкершілік ғана емес, қылмыстық жауапкершілік көздейтін жағдайлар да

заңнамада көзделген. Қазақстан Республикасының қылмыстық Кодексінде ремедиация орындамау ауыр салдарға әкеп соқса немесе іс-әрекетті қылмыс деп саралауға мүмкіндік беретін негіз болса қылмыстық жауапкершілік туындайды[16]. Заманауи жағдайда су тіршіліктің көзі ретінде адамның сапалы өмір сүруінде маңызды орынды иеленеді. Әрбір мемлекет халықаралық құқықтық субъектісі ретінде өзінің аумағындағы халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету міндетін басты назарда ұстайды. Дегенмен де, географиялық немесе климаттық жағдайларға қарай барлық мемлекеттерге мұндай маңызды функцияны атқару мүмкін болмай отыр. Сәйкесінше, бұл мәселе ғаламдық деңгейдегі мәселеге айналып отыр[17]. Ремедиацияның қолданыстағы заңнамаға сай нормативтік негізі бар. Нормативтік негізі ретінде оның заңи анықтамасы, мәні, рәсім жүргізу талаптары, бағдарламасының болуы және қағидаларының құқықтық бекітілуі алынған. Ремедиацияны жер қойнауын пайдалану саласындағы рекультивациямен байланыстыруда белгілі бір мәселелер бар. Ең алдымен бұл мәселе терминдердің әртүрлілігімен және оларға құқықтық рәсімдер жүргізілуінің ерекшеліктеріне байланысты. Экологиялық кодекс пен жер қойнауын пайдалану кодексі арасында да елеулі айырмашылықтар бар. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің нормалары процессуалдық сипатта болса, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану кодексінде міндеттейтін нормалар басым болып келеді. Жоғарыда аталған факторлар Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасындағы ремедиация институтын ғылыми және нормативтік тұрғыдан жетілдіру қажет екендігін көрсетіп отыр. Қазақстан заң ғылымында ремедиация әлі де құқықтық талқылаулар мен монографиялық деңгейде зерттелген институтқа айнала қойған жоқ. Экологиялық құқық саласындағы заңгер-ғалымдар экологиялық зиянды өтеу төңірегіндегі ғылыми мәселелерді зерттеуден әрі аса қоймады. Экологиялық заңнаманың негізгі қағидаттарының өзара әрекеттесуі экономикамен, ғылыми-техникалық прогресспен және олармен ымыраға келумен қақтығыссыз болмайды, себебі көптеген азаматтардың санасында экономикалық мүдделер мен табиғи ресурстарды пайдалану қазіргі және болашақ ұрпақтар үшін оларды қорғау туралы алаңдаушылықтан басым болады. Азаматтардың көпшілігінің мүддесі үшін заңнама қағидаттарына негізделген экологиялық, азаматтық және іс жүргізушілік құқықтық тәртіп нығайтылуы, сондай-ақ заңдылық, мораль және әділеттілік қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылатын қоршаған ортаны қорғаудың тұрақтылығы, табиғи ресурстарды пайдаланудың болжамдылығы және олардың айналымының тұрақтылығы арттырылуы тиіс[18]. Осыған байланысты ремедиация көбінесе экологиялық құқықтың қосалқы элементі ретінде қарастырылып, жеткілікті деңгейде дербес құқықтық бағаға ие болмай отыр. Ал шетелдік құқықтық доктринада ремедиация қалпына келтіру, өтемақы төлеу және алдын алу шараларын біріктіретін кешенді құқықтық құрал ретінде түсіндіріледі. Отандық құқықтық ғылымда ремедиация институтына қатысты бірыңғай көзқарастың қалыптаспауы оның дербес құқықтық институт ретінде толық танылмауына әкелуде. Бұл өз кезегінде заң шығару процесіне де, құқық қолдану тәжірибесіне де белгілі бір дәрежеде кері әсерін тигізіп отыр.

### **Зерттеу нәтижелері**

Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының заңнамасындағы ремедиация институты институционалдық қалыптасу сатысында екені анықталды. Ол экологиялық, жер,

жер қойнауы құқығы, әкімшілік және азаматтық құқық нормаларын қамтитындықтан, салааралық құқықтық институт белгілеріне ие. Қолданыстағы құқықтық реттеу негізінен келтірілген экологиялық зиянның салдарын жоюға бағытталғаны анықталды, ал ремедиацияның превентивтік әлеуеті шектеулі деңгейде ғана пайдаланылады. Ремедиациялық қатынастарға қатысушылардың құқықтық мәртебесі, қалпына келтіру іс-шараларын қаржыландыру көздері және мемлекеттік бақылаудың шектері жеткілікті түрде айқындалмаған. Ремедиацияны құқықтық реттеудің тұтас моделін қалыптастыруға бағытталған жүйелі заңнамалық тәсілдің қажеттілігі негізделді.

## Қорытынды

Жүргізілген талдау ремедиация институтының Қазақстан Республикасының заңнамасында нормативтік бекітілгенін және экологиялық залалды жоюдың дербес тетігін иелену белгілері бар екенін көрсетіп отыр. Ремедиацияның заңдық анықтамасының Экологиялық кодексте бекітілуі экологиялық реттеудің қалпына келтіру бағытын институционалдандырудың маңызды кезеңі болды. Сонымен бірге аталған институттың сабақтас, бірақ бірдей емес санаттары (рекультивация, операция салдарын жою т.б.) қолданылатын жер құқығы, жер қойнауын пайдалану заңнамасы жүйелі келісімділік мәселелері сақталады. Әртүрлі терминологияның және тең дәрежеде емес процедуралық нақтылаудың болуы қалпына келтіру міндеттемесін әрі қарай үйлестіру қажеттілігін көрсетеді.

Заңнаманы жетілдіру мақсатында төмендегілер ұсынылады:

1. Қалпына келтіру шаралары бөлігінде экологиялық, жер, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану заңнамаларының ұғымдық аппаратын біріздендіру және келістіруді қамтамасыз ету;

2. Постремедиациялық мониторингті және экологиялық нәтижені бақылауды қоса алғанда ремедиация бағдарламаларын жүзеге асырудың процессуалдық тетіктерін бекіту;

3. Экологиялық жауапкершіліктің қалпына келтіру қызметіне мән бере отырып, ремедиацияны салааралық құқықтық институт ретінде ғылыми доктринаны дамыту.

Аталған бағыттарды іске асыру зиянды мүліктік өтеуге ғана емес, ең алдымен нақты экологиялық нәтижеге қол жеткізуге және орнықты дамуды қамтамасыз етуге бағдарланған қалпына келтіретін экологиялық реттеудің тұтас моделін қалыптастыруға ықпал ететін болады.

## Авторлардың қосқан үлесі

**Марат Нуржан Маратулы** – зерттеу барысында шетелдік заңнамаларды салыстырмалы-құқықтық әдістерін пайдаланып, талқылау және нәтижесі, қорытынды тұжырымдарын берді.

**Сопыханова Асел Бауыржановна** – хат-хабар авторы, зерттеу нәтижелерін жинау, талдау, мақаланың тұжырымдамасы мен оның мазмұнын дайындау, әдебиеттерді рәсімдеу, транслитерация, жариялау үшін мақаланың соңғы нұсқасының рәсімделуіне елеулі үлес қосты.

**Бектурганова Акерке Абдиманоповна** – зерттеу барысында талдау жүргізіп, талқылау және нәтижесі, кіріспе бөліміне, қорытынды бөліміне өзіндік тұжырым мен пікір берді.

### Әдебиеттер тізімі

1. Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. Статистика окружающей среды. – Қолжетімділік тәртібі: <https://stat.gov.kz/ru/industries/environment/stat-eco/publications/> (өтініш берген күні: 05.02.2026).
2. Assanov D., Zapasnyi V., Kerimray A. Air Quality and Industrial Emissions in the Cities of Kazakhstan. – DOI: 10.3390/atmos12030314. – Қолжетімділік тәртібі: [https://www.researchgate.net/publication/350003502\\_Air\\_Quality\\_and\\_Industrial\\_Emissions\\_in\\_the\\_Cities\\_of\\_Kazakhstan](https://www.researchgate.net/publication/350003502_Air_Quality_and_Industrial_Emissions_in_the_Cities_of_Kazakhstan).
3. Ibragimova O.P., Omarova A., Bukenov B., Zhakupbekova A., Baimatova N. Seasonal and Spatial Variation of Volatile Organic Compounds in Ambient Air of Almaty City, Kazakhstan. – Қолжетімділік тәртібі: <https://www.mdpi.com/2073-4433/12/12/1592>.
4. 90 Million Hectares of Land in Kazakhstan at Risk of Degradation: Experts Propose Solutions. – Қолжетімділік тәртібі: <https://www.fao.org/inaction/pesticidescentralasia/news/news/newsdetail/90millionhectaresoflandinkazakhstanatriskofdegradationexpertsproposesolutions>.
5. «Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI Кодексі (2026.01.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). – Қолжетімділік тәртібі: [https://prg.kz/document/?doc\\_id=33339998](https://prg.kz/document/?doc_id=33339998) (өтініш берген күні: 05.02.2026 ж.).
6. «Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы № 212-III Кодексі (2021.02.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) (күші жойылды). – Қолжетімділік тәртібі: [https://prg.kz/document/?doc\\_id=30085616](https://prg.kz/document/?doc_id=30085616) (өтініш берген күні: 05.02.2026 ж.).
7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 маусымдағы № 535 қаулысы (күші жойылды – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 21 шілдедегі № 512 қаулысымен). – Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P070000535> (өтініш берген күні: 05.02.2026 ж.).
8. Еркінбаева Л.К., Калымбек Б. Правовые проблемы возмещения вреда, причиненного окружающей среде в Республике Казахстан // Проблемы реформирования природоресурсного законодательства: Сборник материалов международной научно-практической конференции. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2024. – 297 с.
9. Ремедиация бағдарламасын әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 6 мамырдағы № 154п бұйрығы. – Қолжетімділік тәртібі: [https://prg.kz/document/?doc\\_id=33865053&pos=4;179](https://prg.kz/document/?doc_id=33865053&pos=4;179) (өтініш берген күні: 05.02.2026 ж.).
10. Directive 2004/35/EC on Environmental Liability with regard to the prevention and remedying of environmental damage. – Қолжетімділік тәртібі: <https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/?uri=CELEX:32004L0035> (өтініш берген күні: 05.02.2026).
11. Қазақстан Республикасының Жер кодексі 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442-II (2026.19.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). – Қолжетімділік тәртібі: [https://prg.kz/document/?doc\\_id=1040583](https://prg.kz/document/?doc_id=1040583) (өтініш берген күні: 05.02.2026 ж.).
12. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 2 тамыздағы № 289 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 8 тамызда № 33250 болып тіркелген. Бүлінген жерлерді қалпына келтіру жобаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулық. – Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300033250> (өтініш берген күні: 05.02.2026 ж.).
13. Уранды жерасты ұңғымасында шайып сілтісіздендіру әдісімен өндіру кезінде мемлекеттік орман қоры жерінде бүлінген жер учаскелерін рекультивациялау және оларды орман иеленушіге

беру қағидалары. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 28 сәуірдегі № 99 бұйрығы. – Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020512> (өтініш берген күні: 05.02.2026 ж.).

14. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 125-VI ҚРЗ Кодексі (2025.06.10. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). – Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000125> (өтініш берген күні: 05.02.2026 ж.).

15. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Кодексі (2026.12.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). – Қолжетімділік тәртібі: [https://prg.kz/document/?doc\\_id=31577399](https://prg.kz/document/?doc_id=31577399) (өтініш берген күні: 05.02.2026 ж.).

16. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі (2026.08.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). – Қолжетімділік тәртібі: [https://prg.kz/document/?doc\\_id=31575252](https://prg.kz/document/?doc_id=31575252) (өтініш берген күні: 05.02.2026 ж.).

17. А.Е. Бектурганов, Г.Б. Телеуев. Қазақстан Республикасында халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз етудің құқықтық аспектілері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Құқық сериясы. ISSN: 2616-6844, eISSN:2663-131. 2023. № 4(145). С.27-37. <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2023-145-4-27-37>

18. С.А. Боголюбов. Взаимодействие и соперничество основных принципов экологического законодательства // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия Право. 2022. №1(138). С.101-112. <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2022-138-1-101-112>

**Н.М. Марат<sup>1</sup>, А.Б. Сопыханова\*<sup>2</sup>, А.А. Бектурганова<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

<sup>2</sup>Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан

<sup>3</sup>Специализированный межрайонный суд по административным правонарушениям, Астана, Казахстан

(e-mail: <sup>1</sup>nuralikamarat1980@yandex.ru, <sup>2</sup>sopyhanova09@mail.ru, <sup>3</sup>sabitbekamirzhan001@gmail.com)

### **Институт ремедиации по экологическому законодательству Республики Казахстан**

**Аннотация.** В статье проводится комплексный научно-правовой анализ института ремедиации в законодательстве Республики Казахстан в условиях развития «зеленой экономики» и модернизации экологического регулирования. Актуальность исследования обусловлена недостаточной теоретической разработанностью данного института, фрагментарностью нормативной базы и отсутствием единообразной правоприменительной практики, что особенно значимо на фоне индустриального развития и активного недропользования.

Цель работы заключается в выявлении правовой природы ремедиации, анализе ее содержания и определении направлений совершенствования с учетом принципов устойчивого развития. В исследовании использованы формально-юридический, системно-структурный, сравнительно-правовой и логико-доктринальный методы.

Установлено, что современная модель правового регулирования ремедиации в Казахстане эволюционировала от компенсационного подхода, основанного на стоимостном возмещении экологического ущерба, к восстановительной модели, ориентированной на достижение

фактического экологического результата. Экологический кодекс закрепляет ремедиацию как комплекс обязательных мероприятий по восстановлению компонентов окружающей среды до базового состояния, реализуемых через программу ремедиации с элементами контроля, мониторинга и публичности.

Научная новизна работы заключается в обосновании института ремедиации как самостоятельного межотраслевого правового института, выходящего за рамки экологического регулирования. Действующее законодательство Республики Казахстан закрепляет институт ремедиации в рамках экологического права. Выявлены проблемы согласования экологического, земельного и недропользовательского законодательства, различия в терминологии и недостаточная определенность правового статуса участников ремедиационных отношений. Обоснована необходимость формирования ремедиации как самостоятельного межотраслевого правового института.

Сформулированы предложения по совершенствованию законодательства, включая унификацию понятийного аппарата, развитие процедурных механизмов реализации ремедиации и укрепление научной доктрины в данной сфере. Сделан вывод о необходимости перехода к целостной модели восстановительного экологического регулирования, ориентированной на обеспечение экологической безопасности и устойчивого развития.

**Ключевые слова:** экологический ущерб, экологический вред, антропогенное воздействие, базовая ситуация, программа ремедиации

**N.M. Marat<sup>1</sup>, A.B. Sopykhanova\*<sup>2</sup>, A.A. Bekturganova<sup>3</sup>**

*<sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

*<sup>2</sup>Karaganda National Research University named after Academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan*

*<sup>3</sup>Specialized District Court for Administrative Offenses, Astana, Kazakhstan*

*(e-mail: <sup>1</sup>nuralikamarat1980@yandex.ru, <sup>2</sup>sopyhanova09@mail.ru, <sup>3</sup>sabitbekamirzhan001@gmail.com)*

### **Remediation institute under the environmental legislation of the Republic of Kazakhstan**

**Abstract.** The article provides a comprehensive scientific and legal analysis of the remediation institute in the legislation of the Republic of Kazakhstan in the context of the development of the “green economy” and the modernization of environmental regulation. The relevance of the study is determined by the insufficient theoretical development of this institute, the fragmented nature of the regulatory framework, and the absence of a unified law enforcement practice, which is particularly significant in the context of industrial development and active subsoil use.

The purpose of the study is to identify the legal nature of remediation, analyze its content, and determine directions for improvement in accordance with the principles of sustainable development. The research employs formal-legal, system-structural, comparative-legal, and logical-doctrinal methods.

It has been established that the modern model of legal regulation of remediation in Kazakhstan has evolved from a compensatory approach, based on monetary compensation for environmental damage, to a restorative model focused on achieving actual environmental outcomes. The Environmental Code defines remediation as a set of mandatory measures aimed at restoring environmental components to their baseline condition, implemented through a remediation program with elements of control, monitoring, and transparency.

The scientific novelty of the work lies in substantiating remediation as an independent cross-sectoral legal institute that goes beyond environmental regulation. The current legislation of the Republic of

Kazakhstan establishes the remediation institute within the framework of environmental law. Problems of coordination between environmental, land, and subsoil use legislation, differences in terminology, and insufficient clarity regarding the legal status of participants in remediation relations have been identified. The necessity of forming remediation as an independent cross-sectoral legal institute is justified.

Proposals for improving legislation include unifying the conceptual framework, developing procedural mechanisms for implementing remediation, and strengthening the scientific doctrine in this field. The study concludes on the need to transition to an integrated model of restorative environmental regulation aimed at ensuring environmental safety and sustainable development.

**Keywords:** environmental damage, environmental harm, anthropogenic impact, baseline situation, remediation program

## References

1. Byuro natsionalnoi statistiki Agentstva po strategicheskemu planirovaniyu i reformam Respubliki Kazakhstan. Statistika okruzhayushchei sredy. – Qoljetimdilik tartıby: <https://stat.gov.kz/ru/industries/environment/stat-eco/publications/> (data obrasenia: 05.02.2026)
2. Assanov D., Zapasnyi V., Kerimray A. Air Quality and Industrial Emissions in the Cities of Kazakhstan. – DOI: 10.3390/atmos12030314. – Qoljetimdilik tartıby: [https://www.researchgate.net/publication/350003502\\_Air\\_Quality\\_and\\_Industrial\\_Emissions\\_in\\_the\\_Cities\\_of\\_Kazakhstan](https://www.researchgate.net/publication/350003502_Air_Quality_and_Industrial_Emissions_in_the_Cities_of_Kazakhstan) (date of access: 05.02.2026)
3. Ibragimova O.P., Omarova A., Bukenov B., Zhakupbekova A., Baimatova N. Seasonal and Spatial Variation of Volatile Organic Compounds in Ambient Air of Almaty City, Kazakhstan. – Qoljetimdilik tartıby: <https://www.mdpi.com/2073-4433/12/12/1592> (date of access: 05.02.2026)
4. 90 Million Hectares of Land in Kazakhstan at Risk of Degradation: Experts Propose Solutions. – Qoljetimdilik tartıby: <https://www.fao.org/in-action/pesticides-central-asia/news/news/news-detail/90-million-hectares-of-land-in-kazakhstan-at-risk-of-degradation--experts-propose-solutions> (date of access: 05.02.2026)
5. «Qazaqstan Respublikasynyn Ekologialıq kodeksi» Qazaqstan Respublikasynyn 2021 jylgy 2 qantardagi № 400-VI Kodeksi (2026.01.01. berilgen ozgerister men tolıqtyrularmen). – Qoljetimdilik tartıby: [https://prg.kz/document/?doc\\_id=33339998](https://prg.kz/document/?doc_id=33339998) (data obrasenia: 05.02.2026)
6. «Qazaqstan Respublikasynyn Ekologialıq kodeksi» Qazaqstan Respublikasynyn 2007 jylgy 9 qantardagi № 212-III Kodeksi (2021.02.01. berilgen ozgerister men tolıqtyrularmen) (kusi joıldı). – Qoljetimdilik tartıby: [https://prg.kz/document/?doc\\_id=30085616](https://prg.kz/document/?doc_id=30085616) (data obrasenia: 05.02.2026)
7. Qazaqstan Respublikasy Ukimetinin 2007 jylgy 27 mausymdagı № 535 qaulysy (kusi joıldı – Qazaqstan Respublikasy Ukimetinin 2022 jylgy 21 sildedegi № 512 qaulysymen). – Qoljetimdilik tartıby: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/P070000535\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/P070000535_) (data obrasenia: 05.02.2026)
8. Erkinbaeva L.K., Kalymbek B. (2024) Pravovye problemy vozmeshcheniya vreda, prichinennogo okruzhayushchey srede v Respublike Kazakhstan // Problemy reformirovaniya prirodoresursnogo zakonodatelstva: Sbornik materialov mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferencii. – Astana: Evraziyskiy natsional'nyy universitet im. L.N. Gumileva [in Russian]
9. Remediatsiya bagdarlamasyn azirleu jonindegi adistemelik usynymdardy bekıtu turaly Qazaqstan Respublikasy Ekologiya, geologiya jane tabigi resurstardın ministrinin 2022 jylgy 6 mamırdagy № 154 p buyırғы. – Qoljetimdilik tartıby: [https://prg.kz/document/?doc\\_id=33865053&pos=4;179](https://prg.kz/document/?doc_id=33865053&pos=4;179) (data obrasenia: 05.02.2026)

10. Directive 2004/35/EC on Environmental Liability with regard to the prevention and remedying of environmental damage. – Qoljetımdılık tartıby: <https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/?uri=CELEX:32004L0035> (date of access: 05.02.2026)

11. Qazaqstan Respublikasynyn Zher kodeksi 2003 jylgy 20 mausymdagı № 442-II (2026.19.03. berilgen ozgerister men tolıqtyrularmen). – Qoljetımdılık tartıby: [https://prg.kz/document/?doc\\_id=1040583](https://prg.kz/document/?doc_id=1040583) (data obrasenia: 05.02.2026)

12. Qazaqstan Respublikasy Awyl sarwasılıgı ministrinin 2023 jylgy 2 tamyzdagı № 289 buyırığı. Qazaqstan Respublikasynyn Adilet ministrliginde 2023 jylgy 8 tamyzda № 33250 bolıp tirkelgen. Bulingen jeplerdi qalpyna keltiru jobalaryn azirleu jonindegi nūsqaulyq. – Qoljetımdılık tartıby: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300033250> (data obrasenia: 05.02.2026)

13. Urandy jerasty ungımasında sayıp siltisizdendiru adisimen ondiru kezinde memlekettik orman qory jepinde bulingen jep ucaskelerin rekultivatsiya lau jane olardy orman ielenusige beru qagydalary. Qazaqstan Respublikasy Ekologiya, geologiya jane tabigi resurstardın ministrinin 2020 jylgy 28 sawırdagı № 99 buyırığı. – Qoljetımdılık tartıby: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020512> (data obrasenia: 05.02.2026)

14. «Zher qoinawı jane zher qoinawın paydalanw turaly» Qazaqstan Respublikasynyn 2017 jylgy 27 jeltozdadagı № 125-VI QRYZ Kodeksi (2025.06.10. berilgen ozgerister men tolıqtyrularmen). – Qoljetımdılık tartıby: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000125> (data obrasenia: 05.02.2026)

15. «Akımshilik quqıq buzwsılıq turaly» Qazaqstan Respublikasynyn 2014 jylgy 5 sildegedi № 235-V Kodeksi (2026.12.03. berilgen ozgerister men tolıqtyrularmen). – Qoljetımdılık tartıby: [https://prg.kz/document/?doc\\_id=31577399](https://prg.kz/document/?doc_id=31577399) (data obrasenia: 05.02.2026)

16. Qazaqstan Respublikasynyn 2014 jylgy 3 sildegedi № 226-V Qylmystıq kodeksi (2026.08.03. berilgen ozgerister men tolıqtyrularmen). – Qoljetımdılık tartıby: [https://prg.kz/document/?doc\\_id=31575252](https://prg.kz/document/?doc_id=31575252) (data obrasenia: 05.02.2026)

17. A.E. Bektyrganov, G.B. Teleyev. Qazaqstan Respyblikasynda halıqıty sapaly ayyz sy men qamtamasyz etydin quqyqıtyq aspektileri // L.N. Gumilev atyndagı Eyrizia ulttyq unıversitetinin habarshysy. Quqyq seriasy. ISSN: 2616-6844, eISSN: 2663-131. 2023. № 4(145). S.27-37. <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2023-145-4-27-37>

18. S.A. Bogolyubov. Vzaimodeystviye i konkurentsıya osnovnykh printsıpov zakonodatel'stva ob okhrane okruzhayushchey sredy. // Vestnik Yevraziyskogo natsional'nogo unıversıteta im. L.N. Gumilova. Pravovaya seriya, – № 1 (138) / 2022, s. 101-112

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

**Марат Н.М.** – заң ғылымдарының магистрі, Конституциялық және азаматтық құқық кафедрасының PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көшесі 2, 010008, Астана, Қазақстан

**Сопыханова А.Б.** – хат-хабар авторы, заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының профессоры, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Университетская көшесі, 28, 100028, Қарағанды, Қазақстан

**Бектурганова А.А.** – заң ғылымдарының кандидаты, Астана қаласының әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы, Астана қаласының әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты, Тәуелсіздік даңғылы, 34/1а, 010000, Астана, Қазақстан

**Marat N.M.** – Master of Law, PhD student, Department of Constitutional and Civil Law, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev Street, 010008, Astana, Kazakhstan

**Sopykhanova A.B.** – corresponding author, Candidate of Law, Associate Professor, Candidate of Law, Professor, Department of Theory and History of State and Law, Karaganda National Research University named after Academician E.A. Buketov, 28 Universitetskaya Street, 100028, Karaganda, Kazakhstan

**Bekturganova A.A.** – Candidate of Law, Judge of the Specialized Interdistrict Court for Administrative Offenses in Astana, Specialized Interdistrict Court for Administrative Offenses in Astana, 34/1a Tauelsizdik Avenue, 010000, Astana, Kazakhstan

**Марат Н.М.** – магистр юридических наук, докторант PhD кафедры конституционного и гражданского права, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, 010008, Астана, Казахстан

**Сопыханова А.Б.** – автор для корреспонденции, кандидат юридических наук, ассоциированный профессор кафедры теории и истории государства и права, Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А. Букетова, ул. Университетская, 28, 100028, Караганда, Казахстан

**Бектурганова А.А.** – кандидат юридических наук, судья специализированного межрайонного суда по административным правонарушениям города Астаны, Специализированный межрайонный суд по административным правонарушениям города Астаны, пр. Тауелсиздик, 34/1а, 010000, Астана, Казахстан



Copyright: © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).